

Имаханбет Райхан Сахыбекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: rai_im@mail.ru

Омаров Тоғатай Қалтайұлы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Шымкент қ., Қазақстан
e-mail: togatai@mail.ru

ДАНДАЙ ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ» ОҚУЛЫҒЫ: МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Әдебиеттанушы ғалым һәм білікті ұстаз Дандай Ысқақұлының қазақ әдебиеті сынының тарихы мен теориясына қызмет ету кезеңін ғылымға ден қойған 1972–1975-жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқыған күнінен есептесек, табаны күректей – 44 жыл болады екен. Ол 1975-жылы «Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сыны» деген тақырыпта кандидаттық, 1994-жылы профессор Т.Кәкішевтің жетекшілігімен «Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері» бойынша докторлық диссертация қорғаған.

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» демекші, араға 20 жылғы жуық уақытты салып, әдебиеттану ғылымының ең кенже саласы сынға қайта атбасын бұруында үлкен мән жатса керек. Демек, Д.Ысқақұлының оқулық жазу ісіне үлкен дайындықпен келуін кәсіби құбылыс деп қабылдаған жөн-ау. Осы орайда, 2012-жылы «Таңбалы» баспасынан жарық көрген «Әдеби сын тарихы» көлемі 50 баспа табақ еңбегі – қазақ әдеби сынының тарихын ғылыми негізде жүйеге келтіріп, бір ізге түсірген көлемді зерттеу. Бұл кітапқа дейін «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген тәмсілді ұстанған оның қаламынан 400-ге жуық мақала, 18-ден аса зерттеу еңбектер жазылды.

«Қазақстанды қарқындап дамуда» деген еліміздің кейбір оқымыстылары білім, ғылым саласында ұлттық оқулық жазу үлгісін қалыптастыра алмай жүрсе, Д.Ысқақұлы кешегі Алаш зиялыларының мұрасын өз зерттеулеріне негіз ете білді. Мәселен, оқулық жазу ісінде Алаш мұрасын ұлттық ғылымның қондырғысы жасаудың орнына «өзгенікін өзеуреумен келеді». Нақты айтсақ,

орта және жоғары мектеп бағдарламасындағы оқулықтардың басым көпшілігі орыс тілінен аударылған, онан қалса Еуропа елдері оқулықтары үлгісіне негізделіп жасалған шала әрі сапасыз көшірмелер. Тіпті, оқушы былай тұрсын, сол жазылған «заманауи оқулықтарындағы» мәтінді өздері де түсіндірме сөздіксіз түсіне алмас! Өкініштісі, бұл тәуелсіздік кезеңде жазылған қазақ тілі мен әдебиетке де қатысты оқулықтарда да кездесетін олқылықтар.

. Д.Ысқақұлы әдебиеттегі термин сөздер туралы мақаласында: *«Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің шын мәніндегі жолын ХХ ғасырдың басындағы Ахмет Байтұрсынұлынан бастайды. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Сондықтан да қазақ филологиясының атасы А.Байтұрсынұлы ...терминологияның да бастауында тұр»* дейді. Сонымен бірге, сынның жанрлық қасиетіне айрықша көңіл бөлген Ахмет Байтұрсынұлы жазба әдебиетті екіге жіктегенде бір саласын «сындар дәуір» деп белгілегені, ал оны қарапайым жатық тілмен түсіндіргенде *«сындар дәуірі деген – қазақ әдебиетінің сынды болған, яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз: бір мағынасы сыны бар деген сөз болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін дұрыс сипаттайды. Сын тезі құрылмай, әдебиет сөзі сындар (мінсіз) болып шыға алмайды»* деген аңдатуын талдап тарата келе, сыни ой-пікір жүйесінің әлеуметтік-эстетикалық тұрғыдан зор ықпалы болғанын жазады [1].

Жалпы, өмір сынағы көрсеткендей, әрбір қоғамның замана илеуіне қарай, електен өтетін ұлттық төлбасы – дара туындылары болады. Ата-бабалардан мирас болған ауыз әдебиетінің жаңа бір саласы жазба әдебиетінің темірқазығы болу бақыты Абай Құнанбайұлының маңдайына бұйырса, қазақ тілі мен әдебиетінің теориясын жазу *«төл әдебиеті бар жұрт қана төрден орын алады»* деген қағиданы ұстанған Ахмет Байтұрсынұлының еншісіне тиісілі екенін ғылыми тұрғыда дәйектейді.

Ақиқатында, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1913-жылы «Қазақ» газетінің тұңғыш санында: *«...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. ...Осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті»* деген еді [2]. Әрі осы айтқанының үдесін бірінші болып өзі айналасындағыларға үлгі-өнеге көрсетті, оған айғақ – оның артында қалған мұрасы. Жалпы, оқулық жазу мәселесі қай кезеңде де күн тәртібінен түспеген өзекті мәселе екендігі Алаш арыстарының ой-пікірлерінен «мен мұндалап» анық аңғарылғанын, бүгінгі зерттеушілер жазып жүр.

Ғалым реформатор А.Байтұрсынұлы біліктілік турасында: «...ғылым, өнер турасында жайымыз ...жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» - дейді мақаласында [3]. Міне, осы «керектер» әр уақытта да ұрпақтан ұрпаққа ауысатын келелі тақырыптар екені даусыз.

Д.Ысқақұлы жоғарыда аталған еңбегінде қазақ әдеби сынының жүріп өткен қилы жолдарын, тарихын, бүгінгі таным тұрғысынан саралауға назар аударған. Оқулықта әдеби сынның тарихы «Қазақ әдеби сынының қалыптасуы», «Кеңестік дәуірдегі әдеби сын», «Тәуелсіздік тұсындағы әдеби сын», «XXI ғасырдағы қазақ әдеби сыны» төрт тарауға бөлініп, қарастырылған. Әр тарау тарауашілік жіктеліп, белгілі бір кезеңнің әдеби-шығармашылық, ғылыми-теориялық мәселелері жеке-жеке талданып таратылған. Тіпті, қазіргі уақыттағы әдеби дау-дамайлар да қамтылған. Бірінші тарау – «Әдеби сынның қайнар бастаулар, Көне дәуірдегі әдеби сын, Ағартушы-демократтардың әдеби ой-пікірлері, Баспасөз және әдеби сын, Жиырманшы ғасырдағы әдеби сын, Айқап пен Қазақтағы әдеби сын, Алашшыл әдеби сын» атты 7 тараушілік аталымдарға бөлінген. Екінші тарау – 16 тараушілік және 4, 7 шағын бөлімдерге таратылған. Үшінші тарау – 6 тараушілік, соңғы төртінші тарау – 10 тақырыпқа жіктелген. Қорытпасына қорытынды мен түйін сөз берілген.

Ғалым Т.Кәкішұлы өз зерттеулерінде сынның қайнар көзі халық ауыз әдебиетінде жатқанын, оның тұғырлануын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлынан таратқан. Жалпы, қазақ әдебиеттануындағы сынның тууы мен қалыптасуына ерен еңбек еткендер: А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, С.Торайғыров, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Жолдыбаев, Е.Бекенов, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, т.б., ал әдеби сынның кәсібиленуі жұмыс жасағандар: Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Қ.Нұрмаханов, Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменовтер, бұл буынның ізін басқандар: С.Әшімбаев, Б.Сарбалаұлы, Д.Ысқақұлы, Қ.Ергөбек, С.Абдрахманов, Т.Шапай, Қ.Әбдезұлы, Ә.Балқыбек, Д.Қамзабекұлы т.б.

Әдебиетші ғалым Қ.Ергөбек Жазушылар одағының әдеби жанрлық кеңестеріндегі атқарылған шаруаларды сараптау, есептерін тыңдау, сарапқа салу мақсатында өткен «Уақыт және әдебиет» атты әдеби басқосуында жасаған «Сын беделі мен бедері» баяндамасы барысында, ақын Иран-Ғайыптың: «Сын әдеби жанр ма, жанр емес пе?» деген сауалына «Сын – жанрдың төресі. Көркем әдебиет оқылмаған кезеңде де сын оқылады» деп жауап берген екен.

Әрі сөзінің қорытындысын «сын классиктерінің кітабын шығаруды қолға алу керектігін» ескертумен түйіндеген.

Шын мәнінде, Д.Ысқақұлының қазақ әдебиеті сын тарихы мен теориясын ыждаһаттап жүргені әрі жинақы, жатық жазуға төселгені жылдар еншісіндегі көз майын жеккен табанды еңбегінің жемісі екені даусыз. Әдебиет сыншысының «Әдеби сын тарихы» оқу құралының мәні мен маңызы да – сол ғасырлар бойғы дамудың барысында қалыптасқан өзіндік құрылымы, жүйесі, заңдылықтары бар ұлттық ғылымның қайнары болған тарихи тұлғалардың ой-танымдары мен тұжырымдарын осы зерттеуінің өзегі деп қарастыруында. Қазақ әдебиетінің бастау бұлақтарын анықтау, тарихын кезеңдерге бөлу жолындағы ізденістерде қазақ әдебиеттану ғылымы ұзақ жолдардан өткендегі ғылыми сарапталып, кезең-кезеңмен талдап таратылды. Жиырмамыншы жылдардың соңына қарай қазақ әдебиетінің өткендегі даму жолдарын зерттеп, дәуірлерге бөліп, ғылыми жүйеге түсіруген еңбек А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» атты зерттеуі екендігі, мұнда әдебиеттің тарихын кезеңдерге бөлуге алғаш рет әрекет жасалынып, ғылыми ұстаным ретінде хронология емес, әдебиеттің негізгі бағыты, мазмұны, сыйпаты алынғандығы айтылды.

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзеңгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешекте барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік қамалдарын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіні, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар екендігі дәйектер мен деректер арқылы берілген.

Оқулықтың мақсаты әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғарту, түсіндіру, талдау үдерісімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихымен тығыз байланыста көрсету. Сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік толғаныстарға тән болғандықтан, сын тарихын кең көлемде қарастырып, ел-жұрт түсінігінің, эстетикалық таным-білігінің әрі даралану, әрі жалпылану жай-күйі ескеріледі. Оқырманның таным-білігі осы өреден шықса, онда оқулықтың ықпалы мәндене түседі, яғни жеке тұлғаның сыни-ойлау жүйесі белгілі бір арнаға түсіп, көркемдікті тану қабілеті артта түседі. Сондай-ақ, сынның тарихын оқыту бүгінгі әдеби үдерістегі оның рөлін, болып жатқан көркемдік құбылыстарын тани білу, тарихты бүгінгі күннің кәдесіне жарату, мақсатында жүргізіледі.

Қазақ әдеби сынның пайда болу, даму, қалыптасу тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту. Осымен қатар, сыншылық қарым-қабілеті барлар сын тарихын дұрыс оқып-ұғынған жағдайда қазақтың сыншылық ойы жетіліп, дами беретіні сөзсіз.

Бұл кітапты игеру барысында сын жанрының табиғатын тереңінен танып, жәй-жапсарын түсінуге, қазақ әдеби сынының дамуына, өркендеуіне талпыныс жасары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттану терминдерінің жай-күйі // Жұлдыз. - 2014. - №3.- б.198-206.
2. Байтұрсынұлы А. Құрметті оқушылар! // Қазақ №1, 2 ақпан 1913.
3. Білім жарысы // Қазақ №16, 31 мамыр 1913.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013-384 б.